

Қазақстан

Қазақстан Республикасы

Мемлекет басшысы: **Қасым-Жомарт Тоқаев**

Үкімет басшысы: Әлихан Смайылов

Сөз бостандығы мен бейбіт жиналу бостандығы әлі де қатты шектелуде, ал құқық қорғау ұйымдары мен кәсіподақтар құдалауға тап болды. Азаптау және басқа да қатыгездік кең таралуда. Мүгедектігі бар адамдар негізгі адам құқықтарын талап еткенде қиындықтарға кезігуін жалғастырды. ЛГБТИ адамдары кемсіту мен зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейіне тап болды. Қытайда адам құқықтары бұзылуынан қашқан пана іздеушілер түрмеге жабылып, кемсітуге ұшырады.

Жалпы ақпарат

10 қаңтарда өткен Паламент сайлауында басшылықтағы Нұр-Отан партиясы дауыстардың 71% ұтып алды. ЕҚЫҰ сайлауды бақылау миссиясы сайлаушылардың таңдау құқығы «бірлесу, бейбіт жиналу және пікір білдіру негізгі бостандықтарын негізсіз бұзу арқылы» шектелген деп тапты.

10 маусымда Президент Тоқаев «Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын» жариялады. Жоспарда мүгедектігі бар адамдардың құқықтары, әйелдерге қатысты кемсітуге тыйым салу және бірлесу, пікір білдіру бостандықтары атап айтылған, ал бейбіт жиналу бостандығы қосылмаған.

ДДҰ мәлімдегендей, желтоқсанда Covid-19 жұқтырған 1,060,125 және 17,972 расталған өлім фактілері анықталып, 16,813,018 доза вакцина салдырылған. 6 қыркүйекте сауда, спорт, мәдени және денсаулық мекемелері, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік ұйымдар қызметкерлері үшін міндетті вакцинациялау енгізілді. Вакцина салмағандар әр апта сайын тест жасауға міндеттелген.

14 қазанда Қазақстан БҰҰ Адам құқықтары Кеңесіне сайланды.

29 желтоқсанда Президент Тоқаев өлім жазасына тыйым салу туралы заңға қол қойды және осылайша АСҚХП-ның Екінші Факультативтік хаттамасын ратификациялау талаптарын орындады.

Пікір білдіру бостандығы

Билік шектеуші заңнаманы қолдана отырып, үкіметті сынауды тоқтатуға тырысты. 2020 жылы жала жабу қылмыс қатарынан шығарылғанымен, Қылмыстық кодексте «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қолсұғушылық» (373-бап) және «Президенттің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу» (375-бап) қылмыстық жауапкершілікке тартылатын баптар сақталған.

10 тамызда Талдықорғанда азаматтық сот Серік Құлмырза және тағы сегіз адам «Қазақстанның Тұңғыш Президентін» (Нұрсұлтан Назарбаевты) балағаттап, «елдегі адам құқықтарының ахуалы туралы жағымсыз имидж тудырды» деп әлеуметтік желідегі жазбаларын алып тастау туралы шешім шығарды. Сот прокурорларға Қылмыстық кодекстің 373 және 375-баптары бойынша қылмыстық іс қозғауды ұсынды. Сот отырысына сотталушылардың біреуі ғана WhatsApp арқылы қатысса, қалғандары шешімді қазан айында ғана БАҚ арқылы естіген.

15 қыркүйекте Парламент балаларды кибербуллингтен қорғауға байланысты заң өзгерістерін қабылдады. Өзгерістерге сәйкес, шетелдік интернет платформалары мен хабарлама жүктемелері Қазақстанда тіркелуге міндетті, әйтпесе олар бұғатталады. Адам құқықтарын қорғаушылар осы өзгертулерді пікір білдіру және ақпаратқа қол жеткізу бостандығына ие болу құқығын негізсіз шектеу құралы деп сынға алды.

7 қазанда жедел жәрдем жүргізушісі Кенжеболат Есімсеитов ұсталып, полиция қызметкерлері Қылмыстық кодекстің 274-бабы бойынша «көрінеу жалған ақпарат таратқаны» үшін жауап алынды. Ол жедел жәрдем қызметіндегі жағдайға, соның ішінде Ковид-19 пандемиясына байланысты жүргізушілерге қосымша төлем төлемегеніне шағымданған шенеуніктерге хатқа қол қойған 24 жедел жәрдем жүргізушілерінің қатарында болды. Жыл аяғында іс жабылмады, бірақ тергеу белсенді түрде жүргізілмеді.

Экстремизмге қарсы заңдар

Қылмыстық кодекстің 405-бабы бойынша «экстремистік» ұйымға мүше болғаны үшін сотталғандардың саны өскені байқалды. 2020 жылы 14 адам болса, қазан айында 47 адам сотталған. Сотталғандардың барлығы тек үкіметті сынаған немесе жабық сотта тиісінше 2018 және 2020 ж. заңсыз «экстремистік» деп танылған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» және «Көше партиясы» оппозициялық қозғалыстарын қолдаған.

11 қазанда Асхат Жексебаев “экстремистік партия” мүшесі болғаны үшін бес жылға бас бостандығынан айырылды. Ол Көше партиясын құрушылардың бірі болған және 2020 ж. тамыздан бастап қамауда. Ол саяси астары бар сотта айыпталған 13 оппозиция белсенділерінің арасында болды.

4 ақпанда саяси тұтқын Макс Боқаев бес жыл бас бостандығынан айыру мерзімін өтеп шығып, босатылды. Ол бейбіт жиналу, пікір білдіру және бірлесу бостандықтарын шектейтін үш жылғы “әкімшілік бақылауда” жүр.ⁱ

Жеке өмірге қол сұқпау құқығы

Кем дегенде төрт қазақстандық белсенділердің ұялы телефондарына маусымнан бастап, NSO Group шығарған Pegasus тыңшы бағдарламасын қондырған. Осы төрт адам Оян, Қазақстан жастар қозғалысының мүшелері.ⁱⁱ

Бейбіт жиналу бостандығы

Демонстрациялар өткізу өтініштер асыра шектейтін заңнама аясында жиі қабылданбады. Құқық қорғаушылардың мәліметінше, 2020 жылғы шілдесі мен 2021 жылғы қазан айлары аралығында 22 қалада жергілікті билікке 133 өтініштерге кері жауап берілген. Олардың 103-і 2021 жылы берілген. Бейбіт шерушілер құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан қатыгездік және кетлингке ұшырап, заңсыз қамауға тап болды.

10 қаңтарда 12 бейбіт демонстранттардан тұратын топты полиция қызметкерлері қоршап алып, нөл градусқа жуық суықта тоғыз сағаттан астам уақыт бойы босатқанша мәжбүрлі ұстаған. Оларды дәретханаға жібермей, су мен тамақ ішуге рұқсат бермеді. Бір әйелді қатты тоңғандықтан, ауруханаға әкетті.

Бірлесу бостандығы

Қаңтар айында үш ҰЕҰ – Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау қазақстан халықаралық бюросы, Халықаралық Құқықтық Бастама және Эхо сайлау бақылау тобы – қызметі үш айға заңсыз тоқтатылып, Еркіндік қанаты ҰЕҰ-на салық заң нормаларына сәйкес айып-пұл салынды. Бәрі де 2020 ж. қараша айында әрқайсысы кейбір жағдайда 2018 ж. шетелден қаржыландыру туралы есептерді дұрыс тапсырмағандары үшін Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінің 460-1-бабын бірнеше рет бұзу туралы хабарлама алды.

Еңбек құқықтары

2020 ж. Өзгерістер барысында кәсіподақтарды тіркеу жеңілдегеніне қарамастан, кейбіреулері әлі де асыра бюрократиялық түрткіге тап болады. 5 ақпанда Шымкенттің мамандырылған ауданаралық экономикалық соты жанаормай және энергетика саласындағы жұмысшылардың тәуелсіз кәсіподағын кәсіподақтар туралы шектейтін заңына сәйкес тіркелмегені үшін алты айға тоқтатты.

Азаптау және басқа да қатыгез әрекеттер

Азаптаудың алдын алу мақсатындағы Ұлттық алдын Алу тетігінің 2021 ж. жарияланған баяндамасына сәйкес, 2020 ж. азаптау туралы 63 шағым тіркеліп, 13 адам сотталған. Сонымен бірге, ҰАТ тұтқында ұстау орындарындағы нашар жағдайды да атап айтқан. Көптеген мекемелерде қыс кезінде дұрыс жылы болмаған, тамағы нашар және әлі де пенитенциарлық әкімшілік тағайындайтын дәрігерлік қызметкерлердің жетіспеушілігі анықталды.

15 қазанда Өскемендегі сот 25-жастағы Андрей Кондратенконы азаптағаны үшін бес түрме сақшыларын бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырды. Ол 2019 ж. 18 шілдеде түрмеде сақшылар азаптағаннан кейін қайтыс болды. Куәгер сақшылардың оның басын суға батырып, ұйықтатпаған деп көрсетті; куәгер сонымен бірге сақшылар басқа тұтқындарға Андрей Кондратенко денесін камераға апарып, асылып қалғандай етіп көрсетуге мәжбүрлегенін айтты.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары

Психикалық кемістігі бар адамдарды соттар әрекет қабілеттілігінен, сол арқылы олардың адам құқықтарынан, соның ішінде білім алу, жеке өмір сүру, сайлау және сайлану құқығынан айыруы жалғасты. Шілде айында ЕҚЫҰ сайлау және сайлану құқығына қойылған барлық шектеулерді алып тастауды және Қазақстанға мүгедектігі бар адамдарды құқықтарынан айыруды жойып, олардың құқықтық қабілеттілігін жүзеге асыруда қолдау алуға мүмкіндік беретін заңдар мен саясаттарды енгізуді ұсынды.

ЛГБТИ құқықтары

ЛГБТИ өкілдері кемсіту, шеттету және мемлекет пен мемлекеттік емес тұлғалардың тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырады.

Мамырда Феминита квир феминистік ұйымның құрушылары Жанар Секербаева мен Гүлзада Сержанға Шымкенттегі қонақүйде адам құқықтары жөніндегі конференция өткізбек болған кезде ашулы топ физикалық шабуыл жасалып, жәбір көрген. Полиция қызметкерлері олардың бейбіт жиналысқа қатысу құқығын қорғай алмай, күштеп қамауға алды, кейін оларды өздерін қорғау үшін ұстадық деп мәлімдеді. Қонақ үй

берілген тапсырыстан бас тартып, жақын маңдағы дәмханаға кетіп қалды, онда да ашулы топ оларға шабуыл жасап, Жанар Секербаеваның бетінен ұрған. Полиция қызметкерлері тобырдың арасында болды, бейнетаспадан екі белсендіні полиция көлігіне күштеп отырғызып жатқанын көруге болады. 28 шілдеде Қарағандыда екі белсенді әйелдер құқығын қорғау конференциясын өткізбек болған кезде де ашулы топтың тағы да шабуылына ұшырады. Жыл соңына дейін екі оқиғаны полиция тексерген жоқ.

Босқындар мен мигранттар құқықтары

Қытайдағы Шыңжаңнан қашқан этникалық қазақтар шекараны заңсыз кесіп өткені үшін қылмыстық қудалауға және тұтқындалуға, сондай-ақ кемсітушілікке, жеткіліксіз қорғауға және әкімшілік кедергілерге, соның ішінде құжаттарын жыл сайын жаңартып отыруға және шетелге шығуға құқығы жоқ болуына тап болды. Сәуір айында Шыңжаңнан қашып келген үш этникалық қазақ шекарадан заңсыз өтті деген желеумен азаматтық беруден бас тартылды.

ⁱ Қазақстан: Ар-ождан тұтқыны Мақс Боқаев босатылды, бірақ шектеулер алынуы керек (Индекс: EUR 57/3625/2021), 4 ақпан

ⁱⁱ «Қазақстан: төрт белсендінің мобильді құрылғысына Pegasus шпиондық бағдарламасы жұқтырылды», 9 желтоқсан